



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2024 жылғы 02 қыркүйек
Астана қаласы

№ 69/н
город Астана

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
саясатты жүзеге асыру, қызметтік әдеп
нормаларын сақтау, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
саласы заңнамасын сақтау туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңын басшылыққа алып жалпыколледждік сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қоса берілген тәртіпте колледж беделіне нұқсан келтіретін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерін жою, қабылдамау бағытында моральдік-психологиялық, адамгершілік климат құру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, колледж жұмысшылары мен студенттерінің құқықтық санасын, белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты, академиялық адалдықты сақтау ережелері, педагог емес тұлғалар үшін этика ережесі, колледж этика кодексі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесінің ережесі, колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің маманы/комплаенс офицерінің лауазымдық нұсқаулығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметінің функционалдық нұсқаулығы, бекітілсін.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етудегі қызметті функционалды түрде жүзеге асыру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МК (бұдан әрі-кәсіпорын) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтері ұйымдастыруда:

2.1. Кәсіпорынның әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттері директордың оқ өндірістік жұмыс бойынша орынбасары А.В.Корольге жүктелсін.

2.2. Кәсіпорын тарапынан жауапты тұлға әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі ретінде жауапты тұлға А.Король сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі бойынша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, оларды жою бойынша заңнамалық тәртіппен белгіленген шараларды қабылдау үшін ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс/маманы қызметі тәрбие бөлімінің, бөлімше меңгерушісі, директордың оқу-тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а А.Нұрмановаға жүктелсін.

3.1. А.Нұрманова:

3.1.1. кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурызда № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі» (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесі) назарға алсын;

3.1.2. кәсіпорынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтерін ұйымдастыру барысында өзіне бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша жұмыстарды атқаруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесінің 2-тарауымен қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктерін негізге алсын.

3.1.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметті ұйымдастыруда квазимемлекеттік сектор субъектісінде қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша есептілік жүргізуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережесінің 3-тарауымен қарастырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің талаптарын назарға алсын.

4. Студенттердің құқықтық санасын және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу көріністеріне төзбеушілік мақсатындағы іс-шаралар жопары колледж студенттерінің өзін-өзі басқару органының, Жастар ісі жөніндегі комитетінің, әлеуметтік педагог, педагог ұйымдастырушының, кәсіподақ комитетінің қатысуымен қаралып, бекітіліп, жүзеге асырылсын (жауапты А.Король, А.Нұрманова, Н.Ақдаулетов, У.Коблашева).

5. Колледж қызметкерлеріне (басқару, әкімшілік) мемлекеттік мекемеде қызметті орындаумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшейтіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталынсын (жауапты А.Король, Г.Сапарбекова, А.Нұрманова, Ж.Мырзабекова, Н.Нуржауова, Д.Нургожин, Г.Серғазина, А. Арғынбек).

6. Директордың ақпараттық технология жөніндегі орынбасары Ж.Мырзабекова осы бұйрықты және осы бұйрықпен бекітілген сыбайлас жемқорлықты болдырмау бағытындағы құжаттарды колледждің ресми сайтына орналастыруды қамтамасыз етсін.

7. Осы бұйрықпен таныстыру колледждің өндірістік оқыту шеберлері құрамы назарына жеткізу, таныстыру директордың оқу өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Корольдің, колледждің оқытушылары құрамы назарына жеткізу, таныстыру директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Сапарбекованың, колледждің білім алушылары назарына жеткізу, таныстыру тәрбие бөлімі меңгерушісі, директордың оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а А.Нұрманованың, колледжің құзыреттілік орталығы жұмыскерлерінің назарына жеткізу, таныстыру жауаптылығы құзыреттілік орталығы меңгерушісі А.Красовскаяның, колледждің педагог емес жұмысшылары құрамының назарына, жеткізі таныстыру кадр бөлімі меңгерушісі А. Арғынбектің міндетіне жүктелсін.

8. Колледждің колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне түскен сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар немесе фактілер бойынша Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 52 бабының 14 тармақшасы басшылыққа алынып еңбек шартының бұзылатындығын ескертілсін.

9. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор



З. Клышбаева

Таныстым

Лауазымды тұлғалар:

Директордың оқу-өндірістік
жұмыс жөніндегі орынбасары,
әдеп және сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілі
жүктелсін.

Тәрбие бөлімі меңгерушісі,
директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары м.а.,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс/маманы қызметіне
Директордың оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары
Директордың ақпараттық
технология жөніндегі орынбасары
Директордың оқу-әдістемелік жұмыс
және кәсіптік оқыту
жөніндегі орынбасары
Директордың шаруашылық
жұмыс жөніндегі орынбасары
Бас есепші
Әлеуметтік педагог
Кадр бөлімі меңгерушісі
Жастар ісі жөніндегі
комитет инспекторы
Ұйымдастырушы педагог
02.09.2024 ж.



А.Король



А.Нұрманова



Г. Сапарбекова



Ж.Мырзабекова



Н.Нуржауова



Д.Нургожин




Г.Серғазина



Н.Акдаулетов



А.Арғынбек



Ш.Тлеубаев



У.Коблашева